



БҰЙРЫҚ

2014 ж. 6 мамыр

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *146*

город Астана

**2014 жылдың екінші жартыжылдығына
арналған білім беру ұйымдарында тексеру
жүргізу жоспарын бекіту туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13 және 16-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2014 жылдың екінші жартыжылдығына арналған білім беру ұйымдарында тексеру жүргізу жоспары және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім саласындағы бақылау департаменттерінің жиынтық жоспары (бұдан әрі - тексеру жоспары) бекітілсін.

2. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (З.Оразалиева) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне жіберсін.

3. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (З.Оразалиева), Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Р.Шер) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім саласындағы бақылау департаменттерінің тексеру жоспарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.Балықбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



А. Сәрінжіпов